



ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС АЛАҢЫ

2-БЕТ



ВАТИКАН МҰРАҒАТЫНАН ЖЕТКЕН МҰРАЛАР

3-БЕТ



«ДӘУІРДІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ»

6-БЕТ

МӘСЛИХАТ



АЛМАТЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ

кешенді сараптамадан өтті

Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында депутаттар қаланың 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына түзетулер енгізу жобасын мақұлдады. Жоба кешенді қала құрылысы сараптама-сынан өтіп, оң қорытынды алды.

Отырыста сөз алған қала әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов жаңартылған Бас жоспардың негізгі бағыттарына тоқталды. Оның айтуынша, құжатта қоршаған ортаны қорғау шараларын күшейту, экологиялық ахуалды жақсарту, сейсмикалық шағынаудандастыру нәтижелерін ескере отырып қалалық ортаны теңгерімді дамыту, табиғи аумақтарды сақтау және тау бөктерін ретсіз құрылыс салудан қорғау мәселелеріне басымдық берілген.

«Көлік инфрақұрылымын дамытуға, метро мен LRT желілерінің бағыттарын жетілдіруге, көлік ауыстыру тораптарын қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, Алматының іргелес аумақтармен және Алматы облысындағы Алатау қаласының агло-

мерациялық аймағымен байланысы ескерілді. Бас жоспарға енгізілген түзетулер жасыл белдеудің шекарасын нақтылап, оны кеңейтуге, Әл-Фараби даңғылынан жоғары орналасқан аумақтарда, су қорғау және сейсмикалық қауіпті аумақтарда құрылыс салуды шектеуге мүмкіндік береді. Құжат тұрғын үй құрылысының орналасуы, мектептер, балабақшалар мен медициналық мекемелердің, қоғамдық көлік пен жасыл және қоғамдық кеңістіктердің қолжетімділігі, инженерлік желілерді дамыту, сондай-ақ шамадан тыс құрылыс салудан қорғауға тиіс аумақтарды айқындау секілді тұрғындар үшін маңызды мәселелерді қамтиды», – деді Бейбіт Шаханов.

Қала әкімінің орынбасары Бас жоспардағы негізгі басымдықтардың бірі

Алматының табиғи негізін сақтау екенін атап өтті. Құжатта тау бөктеріндегі ландшафттарды, су ресурстары мен көгалдандырылған аумақтарды қорғау, сондай-ақ қаланың біртұтас экологиялық қаңқасын қалыптастыру көзделген.

Экологиялық қаңқаның негізіне тау бөктері, өзен аңғарлары, саябақтар мен скверлер жатады. Бұл аумақтарды өзара байланысқан бірыңғай жүйе ретінде дамыту экологиялық жағдайды жақсартуға, табиғи байланысты сақтауға және тұрғындардың демалыс орындарына қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

«Жаңа құрылыс пен инфрақұрылым нысандарын орналастыру кезінде табиғи шектеулер, сейсмикалық шағынаудандастыру нәтижелері және су қорғау аймақтарына қойылатын талаптар міндетті түрде ескеріледі. Қаланың дамуы табиғи әлеуетті азайту есебінен емес, керісінше оны сақтау және қалпына келтіру қағидатына негізделуге тиіс», – деді Бейбіт Шаханов.

(Жалғасы 3-бетте).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:





ФОРУМ

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС АЛАҢЫ

Алматы робот өндірісінің орталығына айналмақ

25 қыркүйекте Алматыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Қазақстан–Қытай инвестициялық форумы өтті. Іс-шараға екі елдің мемлекеттік органдары, ұлттық және жеке компаниялары, инвесторлар, бизнес қауымдастықтар мен даму институттарының өкілдері қатысты. Форумға 600-ден астам делегат жиналды. Кездесу қорытындысында жалпы құны 8,2 млрд. доллар болатын 50 коммерциялық келісімге қол қойылды.

Меже – 100 миллиард доллар

Халықаралық форум Маңғыстау облысындағы қайғылы оқиға салдарынан қаза тапқан әскери қызметшілерді бір минуттық үнсіздікпен еске алудан басталды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев форумда Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстың жаңа деңгейге көтерілгенін мәлімдеді. Мемлекет басшысының айтуына қарағанда, бытыр екі ел арасындағы тауар айналымы 50 млрд. долларға жуықтады.

– Қытай Қазақстан экономикасына 29 миллиард доллардан астам қаржы құйды. Осылайша еліміздің аса ірі инвесторларының біріне айналды. Қазір Қазақстанда Қытайдың қатысуымен 9 мыңнан астам кәсіпорын табысты жұмыс істеуде, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Президент өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, «ақылды қала» технологиялары, ғарыш және спутниктік жүйелер, білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы ынтымақтастықтың кеңейгенін айтты. Жиында инвестор құқығы қорғалатыны, инвестициялық ахуалдың тұрақтылығы және мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың сапасы сөз болып, мемлекет инвестициялау саясатына ерекше мән беріп отырғаны аталды.

Орта дәліз және жаңа логистика

Форумда көлік пен логистика мәселесіне де айрықша назар аударылды. Президенттің айтуынша, Қазақстан халықаралық серіктестермен бірге теміржол желілерінің өткізу қабілетін арттырып, автомобиль жолдарын, теңіз порттарын, жүк авиациясын және шекара маңындағы инфрақұрылымды дамытты. Ляньюньганнан Ақтауға дейін Қытай жағалауын Каспий теңізімен жалғайтын логистикалық тораптар желісі қалыптасты. Чэнду қаласындағы Қазақстан–Қытай терминалы осы жүйенің жаңа маңызды буындарының бірі ретінде аталды.

Мемлекет басшысы Транскаспий халықаралық көлік бағытын, яғни Орта дәлізді дамыту негізгі басымдықтардың бірі екенін айтты. Болжам бойынша, 2029 жылға қарай Қытайдан Еуропаға бағытталатын контейнерлік пойыздар саны 3 мыңға дейін артуы мүмкін.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мен жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастыққа да арнайы тоқталды. Президент Қазақстанның әлемдегі жетекші технологиялық орталықтармен әріптестік орнатуға ашық екенін айтып, технология трансферіне, бірлескен инженерлік және ғылыми-зерттеу орталықтарын құруға мүдделі екенін жеткізді. Сондай-ақ, жаңа буын мамандарын даярлау мәселесіне ерекше назар аударылды. Астанада алғашқы қазақ-қытай жасанды интеллект мектебін ашу жоспары айтылды.

Президент технологиялық ынтымақтастықтың нақты

мысалдарының бірі ретінде Alatau City жобасын атады. Жоба Қытай, Орталық Азия және Еуропа арасындағы іскерлік және технологиялық байланысты күшейтетін жаңа орталыққа айналуға тиіс.

Маңызды бағдар

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан–Қытай инвестициялық форумын екі елдің іскер топтары тұрақты байланыс орнататын алаңға айналдыруды ұсынды. Президент форумды бұдан былай жыл сайын қыркүйекте «Қазақстан–Қытай» Алматы инвестициялық диалогы атауында өткізейік деп ой қосты.

Форумдағы ең қызықты бағыттардың бірі робототехника болды. Қазақстандық NERO Group пен қытайлық UBTECH Robotics Алматыда робот өндірісін жолға қою жобасын таныстырды. Жобаның жалпы инвестиция көлемі шамамен 440 млн. доллар деп айтылып, Алматы қаласының замани өндіріс ошағы болары да мәлімделді. Айталық, жоба тек дайын роботтарды құрастырумен шектелмеді. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, технология трансфері, зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (R&D) жүргізу, сондай-ақ өндірістік үдерістерді Қазақстанда дамыту көзделді. NERO Group бас атқарушы директоры Ерлан Нәбиевтің айтуынша, алғашқы кезеңде білім беру робототехникасына басымдық берілді.

Мәлімдемеге қарағанда, компания 50 мың робототехника жиынтығын шығаруды жоспарлады. Жыл соңына дейін Алматыдағы 30-ға жуық мектепті отандық робототехника құралдарымен қамту, кейін жобаны тағы 200-ден астам мектепке кеңейту көзделді. Нәбиевтің сөзінше, мақсат – балаларды дайын технологияның тұтынушысы ретінде ғана емес, оны жасайтын маман ретінде қалыптастыру. Оқушылар роботтарды бағдарламалап, кейін өз жобаларын әзірлеуге мүмкіндік алуға тиіс болды.

Форумдағы көрмеде сервистік, логистикалық және гуманоид роботтар таныстырылды. Walker S2 өндірістік және логистикалық міндеттерді атқаратын гуманоид робот ретінде көрсетілді. Ол қоймадағы жүктерді тасымалдауға және өндірістік операцияларды орындауға



бейімделген. Ал Cruzr 1S ақпараттық және сервистік робот ретінде таныстырылды. Мұндай роботтарды әуежайларда, вокзалдарда, банктерде, әкімдіктерде, қабылдау орындарында және басқа да қоғамдық кеңістіктерде пайдалануға болады.

Көрме барысында гуманоид роботтан ана тілімізде сұрақ сұрап, әңгіме-дүкен құрдық. Сұхбатта адам мен робот арасындағы болашақ қарым-қатынас қандай болатынын, роботтардың дамуы адамзатқа қауіп төндіруі мүмкін бе, сондай-ақ роботтардың қазақ тілін меңгеруін жетілдіру үшін қандай қадамдар қажет деген сауалдар қойдық. Роботтың қазақша жауап беруі жаңа технологияның мүмкіндігін көрсетумен қатар, қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі қолданысын кеңейтіп, технологиялық ортадағы орнын нығайтудың бір көрінісі болды. Компания инженерлерінің айтуынша, Қазақстанға арналған тілдік модель мен қажетті инфрақұрылым әлі толық бейімделіп болған жоқ. Алдағы уақытта роботтардың қазақ тілін түсіну және қазақша жауап беру қабілетін жетілдіру жоспарланды. Инженерлер болашақта роботтар адамды алмастыру үшін емес, оның жұмысын жеңілдетіп, күнделікті өмірде қолғабыс ететін көмекші ретінде іске жегіледі деп айтты.

Dalian Hesheng Holdings компаниясының өкілі Yao Sun болса елдегі су ресурстарын, минералдар мен полиметалдар қорын, табиғи байлықтар мен жер қойнауының әлеуетін жаңа өндірістік жобаларды іске асыруға мүмкіндік беретін маңызды артықшылықтардың бірі ретінде атады.

Көлік нарығы

Форумда Қазақстандағы автомобиль нарығы мен қытайлық брендтерге деген сұраныс та сөз болды. «Астана Моторс» ҚМК бас директоры Бекнұр Несіпбаев қытайлық автомобильдерге сұраныс алдағы уақытта да өсе түседі деген пікір білдірді. Оның айтуынша, көлік таңдаған тұтынушы үшін баға мен сапаның арақатынасы маңызды. Несіпбаев қытайлық автомобильдердің кері шақырылып жатқаны туралы пікірлерге де тоқталды. Оның сөзінше, мұндай тәжірибе Қытай өндірушілеріне ғана тән емес, әлемдік автоөнеркәсіпте қалыптасқан қалыпты үдеріс. Өндіруші қандай да бір бөлшектің ақау беру қаупін байқаса, көлікті кері шақырып, сол бөлшекті ауыстырады. Несіпбаев мұны брендтің тұтынушы алдындағы жауапкершілігінің белгісі деп бағалады. Ол қытайлық көліктерге қатысты күмәннің бұрын корейлік және жапондық маркалар жаңа нарықтарға шыққан кезде де болғанын еске салды. Несіпбаевтың пікірінше, қазақстандықтардың қытайлық автомобильдерге деген сенімі біртіндеп артып келеді.

Сайып келгенде, Алматыдағы Қазақстан–Қытай инвестициялық форумында ауыл шаруашылығы мен логистикадан бастап робототехника, жасанды интеллект, биоферментация, автомобиль өнеркәсібі және цифрлық технологияларға дейінгі ауқымды бағыттар қамтылды. Форумда таныстырылған жобалардың мәні тек инвестиция көлемімен өлшенбеді. Негізгі басымдық технологияны Қазақстанға әкелуге, өндірісті жергіліктендіруге, ғылыми-зерттеу және инженерлік әлеуетті күшейтуге, жаңа мамандар даярлауға және қосылған құны жоғары өнім шығаратын толыққанды өндірістік тізбек қалыптастыруға берілді. Қазақстан–Қытай инвестициялық форумын жыл сайын Алматыда өткізу туралы бастама осы байланысты тұрақты форматқа көшіруге бағытталды.

Дастан ҚАСТАЙ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Алматыда «Түркі әлемінің тарихи-мәдени мұрасы: Ватикан және Еуропа қорларындағы жаңа деректер мен материалдар» атты халықаралық конференция өтті. Жиында Ватикан және Батыс Еуропа елдеріндегі жаңа материалдары сараланды, Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті туралы тараулары талқыға түсті.

Іргелі зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстан тарихына қатысты әлемнің жетекші архивтері мен кітапханаларында сақталған тың деректерді анықтап, ұлттық тарихтың дереккөздік қорын жаңа материалдармен толықтыру. Аталмыш жоба Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының базасында жүзеге асырылды.

Жиынға Вице-Президент Ерлан Қариннің арнайы құттықтау сөзін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов жеткізді. Онда Қазақстан мен Қасиетті Тақ арасындағы ғылыми және мәдени ынтымақтастықтың кеңеюіне Мемлекет басшысының бастамалары серпін бергені айтылған.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Рим Папасы Францискпен кездесулер барысында рухани, мәдени және ғылыми ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән бере отырып, Қазақстан мен Қасиетті Тақ арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтерді. Нәтижесінде қазақстандық ғалымдарға арнайы талаптар бойынша ғана қол жеткізуге болатын Ватикан апостолдық кітапханасы мен Апостолдық архивтегі тарихи материалдарды зерттеуге жол ашылды», – делінген ресми құттықтауда.

Ватиканның Қазақстандағы Апостолдық нунцийі, архиепископ Джордж Панамтундил архив деректерін жан-жақты зерттеудің маңызына тоқталып, мұндай мұрағаттардың халықтар мен мәдениеттер арасындағы тарихи байланысты тануға мүмкіндік беретінін айтты.

Бағдарламаның ғылыми жетекшісі Қалқаман Жұмағұлов жоба аясында атқарылған ауқымды зерттеу жұмыстарына тоқталды. Ғалымдар Ватиканның Апостолдық архиві мен Апостолдық кітапханасында, сондай-ақ Италия, Мажарстан, Германия, Франция, Австрия, Испания және Ұлыбританияның ірі кітапханалары мен ғылыми-зерттеу орталықтарында ізденіс жүргізген.

– Ғылыми экспедициялар барысында XIII–XV ғасырлардағы түркі және моңғол билеушілері мен Рим папалары арасындағы дипломатиялық байланыстарды, хат алмасуды, саяси қатынастар мен діни миссияларды айғақтайтын маңызды құжаттар анықталып, талданды, – деді Қалқаман Жұмағұлов.

Зерттеу барысында Қазақстан мен тұтас түркі әлемінің тарихына қатысты 400-ге жуық құнды қол-

ВАТИКАН МҰРАҒАТЫНАН ЖЕТКЕН МҰРАЛАР

ғылыми ортаға таныстырылды



жазба, карта және жазба дерек іріктелді. Ғалымдар Берлин мемлекеттік кітапханасы, Франция ұлттық кітапханасы, Мадридтегі Ислам кітапханасы және Кембридж университеті кітапханасының қорларын зерттеп, түркі, араб, парсы, шағатай және көне түркі тілдеріндегі 332 еңбекті анықтаған. Табылған деректердің қатарында түркі және моңғол билеушілерінің Еуропа елдерімен қарым-қатынасына, Рим папаларымен дипломатиялық хат алмасуына, ортағасырлық саяси үдерістер мен діни миссияларға қатысты құжаттар бар. Бұл материалдар Еуразия кеңістігіндегі халықтардың өзара байланысын бұрынғыдан да тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Конференция жұмысы үш негізгі бағытты қамтыды: IV–XIV ғасырлардағы түркі халықтарының саяси тарихы, Ватикан және Батыс Еуропа дереккөздері, сондай-ақ түркі әлемінің картографиялық, визуалды және мәтіндік репрезентациясы.

Жоба барысында табылған тың деректер түркі халықтарының ерте және ортағасырлық тарихын жаңа қырынан зерделеуге, Қазақстан тарихының дереккөздік қорын кеңейтуге және отандық ғылымның халықаралық ғылыми кеңістікпен байланысын нығайтуға негіз болмақ.

Дастан ҚАСТАЙ.

МӘСЛИХАТ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Оның айтуынша, жаңартылған Бас жоспарда Алматыны дамытудың полиорталық моделі сақталып, одан әрі нақтыланды. Ол бес негізгі аумақты қамтиды: «Тарихи орталық», «Шығыс қақпа», «Солтүстік», «Оңтүстік-батыс» және «Батыс».

Жаңартылған Бас жоспар соңғы деректер негізінде әзірленген. Құжат экологиялық және сейсмикалық факторларды, көлік жүйесінің мүмкіндіктерін, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға түсетін жүктемені ескере отырып, Алматының теңгерімді әрі орнықты дамуына бағытталған.

Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарын түзету кезінде тұрғындардың ұсынысы ескерілді. Мәслихат депутаттары қаланың 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына түзету енгізу жобасын қарады. Құжат бұған дейін кешенді қала құрылысы сараптамасынан өтіп, оң қорытынды алған.

2030 жылға қарай Алматыда қоғамдық көлікпен тәулігіне қатынау санын 2,3 млн. -ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұл бастапқы көрсеткіштен шамамен 64% -ға жоғары.

Аталған мақсатты көрсеткіштер қаланың Бас жоспарын түзету кезінде де сақталады. Бұл туралы «Алматыбасжоспар» ҒЗИ басшысы Асхат Сәдуов мәслихат депутаты Садир Хамраевтың Алматының көлік жүйесін дамыту жөніндегі сұрағына жауап беру барысында айтты.

Асхат Сәдуовтың айтуынша, негізгі міндеттердің бірі қоғамдық көлікті тұрғындар үшін барынша қолайлы ету. Бұл жеке автокөлікті пайдалану қажеттілігін азайтып, жолға кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік береді.

Осы мақсатта аудандар арасындағы бағытты дамыту, қолайлы көлік ауыстырып міну тораптарын ұйымдастыру және

АЛМАТЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ

кешенді сараптамадан өтті



қала ішінде әр жолы орталық арқылы өтпей-ақ қатынауға мүмкіндік беретін көлік байланыстарын қалыптастыру көзделген.

2040 жылға қарай Бас жоспарда жеке автокөлікті пайдалану деңгейін бастапқы көрсеткішпен салыстырғанда, шамамен 20% -ға төмендету қарастырылған.

Сонымен қатар, қоғамдық көлік желілерінің жалпы ұзындығын қазіргі 981 шақырымнан 2030 жылға қарай 1040

шақырымға, ал 2040 жылға қарай 1214 шақырымға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, жұмыс орындары мен күнделікті қажетті қызметтерді тұрғын аудандарға жақындату үшін бес полиорталықты дамыту көзделген. Бұл қала ішінде алыс қашықтыққа қатынау қажеттілігін азайтуға мүмкіндік береді. Халық санының болжамы нақтыланған сайын жолау-

шылар тасымалына деген қажеттілік те қайта есептеледі. Көлік жүйесін дамыту нәтижелері жолға кететін уақыт, қоғамдық көліктің қозғалыс жылдамдығы және аудандар арасындағы қатынаудың қолайлылығы секілді көрсеткіштер бойынша бағаланады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Алматы – білім мен ғылымды қатар дамытып келе жатқан қала. Осындай ортада ұстаздықты ғылыммен, әдістемемен ұстастырып, білім саласына ұзақ жылдардан бері еңбек сіңіріп келе жатқан мамандардың бірі – Сандуғаш ТҰРСЫНБАЙҚЫЗЫ.

Ол педагог мамандығын жастайынан таңдады. 1995 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі» факультетіне түсіп, 1999 жылы үздік тәмамдады. Еңбек жолын сол жылы «Болашақ» арнайы орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып бастады.

Кәсіби ізденісін жалғастырған жас маман 2001–2003 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Педагогика» мамандығы бойынша магистратурада оқып, оқуын үздік аяқтаған. Одан кейін білім беру саласының түрлі бағыттарында еңбек етті. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлерінде оқытушы, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында аға ғылыми қызметкер, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Алматы облысы бойынша филиалында аға оқытушы болды. Кейін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында менеджер қызметін атқарды.

Ұлттық білім академиясында МЖМБС-2002 стандартын қайта әзірлеуге, 11 және 12 жылдық білім беруге арналған бағдарламалар мен әдістемелік құралдар дайындауға қатысты. Педагогикалық шеберлік орталығында орта білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеуге үлес қосты.

Бүгінде Сандуғаш Тұрсынбайқызы Алматы қаласы Білім басқармасының Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығында директордың әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Мұндағы еңбек жолы әдіскерден басталып, бөлім жетекшісі қызметімен жалғасты.

Жетістікке жетелеген жол



Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының ұжымы.

Орталық директоры Дәурен Сағынғалиевтің басшылығымен ұжымда педагогтердің кәсіби дамуына, жаңа бастамаларды жүзеге асыруға және әдістемелік жұмыстың сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Сандуғаш Тұрсынбайқызы ұстаздарға әдістемелік қолдау көрсетіп, кәсіби дамуына бағыт береді. Семинарлар, конференциялар, шеберлік сабақтары мен байқаулар ұйымдастырып, оқу-әдістемелік материалдар әзірлеуге және оқулықтарды сараптауға қатысады.

Ол 4-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» оқулығы авторларының бірі. Сонымен қатар, білім беру мен тәрбие мәселелеріне арналған 25-тен астам мақала мен әдістемелік құралдың авторы. «Әліппе» оқулығына арналған дәптерлер мен дидактикалық материалдарды әзірлеуге де үлес қосты.

2020-2021 жылдары республикалық телесабақтар жобасына қатысып, бастауыш сыныптарға қазақ тілінен сабақ берді. Сондай-ақ, қазақ тілі, дүниетану және жаратылыстану пәндері бойынша сарапшы болды.

Көп жылғы тәжірибесі мен салаға қосқан үлесі ескеріліп, Сандуғаш Тұрсынбайқызы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төс-белгісімен марапаттауға ұсынылды.

Әріптестері оны кәсібіне жауапкершілікпен қарайтын, сабырлы әрі қарапайым жан ретінде бағалайды. Ұстаздықтан басталған еңбек жолы ғылыммен, әдістемемен және үздіксіз ізденіспен толығып келеді.

Адам еңбегімен биіктейді. Ал ұстаз еңбегі – ұрпақ тәрбиесімен өлшенеді. Сандуғаш Тұрсынбайқызының кәсіби жолы осы екі ұғымның сабақтастығын көрсетеді. Оның білім беру саласындағы көп жылғы еңбегі – кейінгі буынға өнеге, әріптестері үшін мақтаныш.

Алматының барша ұстаздар қауымын алда келе жатқан кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз! Ұрпақ тәрбиесі жолындағы қажырлы еңбектеріңіз әрдайым бағаланып, шәкірттеріңіздің жетістігі сіздерге қуаныш сыйлай берсін! Ұстаздар күні құтты болсын!

Гүлжанат СЕМБАЕВА



«Бір шаңырақ астында»

Алматы қаласындағы №2 Мектеп-интернатында Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Бір шаңырақ астында» атты фестиваль өтті.

Ұйымдастырылып отырған іс-шара көпұлтты еліміздегі тілдердің маңызын дәріптеп, оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырды. Сонымен қатар, өзара достық пен бірлікті нығайтуға да септігін тигізді.

Фестиваль барысында мектеп-интернатының тәрбиеленушілері түрлі ұлттардың мәдениеті мен салт-дәстүрін таныстырып, тілдің халық өмірінде ерекше екенін көрсетті. Оқушылар бірнеше тілде өлең оқып, ән айтып, ұлттық билер орындап, келген қонақтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Мерекелік бағдарламада қазақ тілі ел бірлігінің негізі екені айтылып, мемлекеттік тілге құрметпен қарап, елімізде өмір сүріп жатқан түрлі этнос өкілдерінің тілдерін сақтаудың маңыздылығы да кеңінен атап өтілді. Әр тіл әр

халықтың тарихы, мәдениеті мен рухани құндылығының айнасы екені айшықталды.

– Біз жыл сайын Тілдер мерекесін ерекше атап өтеміз. Мерекелік іс-шараның «Бір шаңырақ астында» деп аталуы да тектен-тек емес. Себебі, біздің мектепте бірнеше ұлттың баласы оқиды. Олар ұйымшыл және өте тату. Сондықтан өткізіліп отырған фестиваль біздің балаларымыздың әртүрлі мәдениетті жақыннан танып, өзге тілдерге құрметпен қарауына мүмкіндік береді. Мерекелік іс-шара достық, татулық және өзара сыйлас-тық құндылықтарын дәріптеп, тіл арқылы халықтарды біріктіретін рухани байланысты айшықтары сөзсіз, – дейді №2 мектеп-интернаты директоры Бақыт Ермакова.

Мұндай тағылымды, тәрбиелі іс-шаралар жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиет қалыптастырып, Қазақстандағы этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді нығайтуға өз үлесін қосары анық.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Өндіріс әлемімен танысты

Алматы технологиялық колледжінің «Маркетинг» мамандығы бойынша білім алып жатқан инклюзивті топтың 1-курс студенттері алғашқы кәсіби қадамдарын жасады.

Олар Еңбек күніне арналған «Өндірісте 10 күн» бастамасы аясында 1 курстың 10 студенті әлеуметтік серіктес саналатын «Балалар әлемі. Алматы» ЖШС-нің GRAND PARK дүкеніне барып, заманауи сауда орнының жұмысымен танысты.

Кездесу тек экскурсиямен шектелмей, тәжірибелік форматта өтті. Студенттер дүкендегі тауарлардың орналасу ерекшеліктерімен, сөрелерді тиімді ұйымдастыру, баға белгілерін (ценниктерді) дұрыс орналастыру және тауарды сатып алушыға ұтымды ұсыну тәсілдерін үйренді. Практикалық бөлім барысында «Маркетинг» мамандығының 2-курс студенттері 1-курс студенттеріне тәлімгерлік жасап, тауарларды дұрыс орналастыру және баға белгілерімен жұмыс істеу бойынша шеберлік сабақтарын өткізді. Тәжірибелік тапсырмалар арқылы студенттер алған білімдерін бекітіп, өзара тәжірибе ал-

масты. Осылайша студенттер арасында «Студенттен – студентке» қағидаты бойынша тәжірибе алмасу жүзеге асты.

«Әлеуметтік инклюзивті бағдарламалар орталығы» қоғамдық қорының директоры, ҚР Оқу-ағарту министрінің инклюзивті білім беру мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Салтанат Мурзалинова-Яковлева студенттерге шеберлік-сыныбын өткізді.

Бұл кездесу колледж бен жұмыс беруші арасындағы әлеуметтік серіктестіктің нақты нәтижесін көрсетті. «Балалар әлемі. GRAND PARK» дүкенінің директоры Инжи Сайдакберованың қолдауымен студенттер өздері таңдаған мамандықтың нақты еңбек үдерісін меңгерді.

– Инклюзивті білім берудің басты құндылығы әрбір студентке өз мүмкіндігін ашуға жағдай жасау. Ал мұндай кездесулер жастарға тек мамандық туралы білім беріп қана қоймай, өз күшіне сенуге, еңбек ортасына бейімделуге және болашақ кәсіби бағытын сезінуге мүмкіндік береді, – дейді Алматы технологиялық колледжінің оқу өндірістік ісінің жетекшісі, аға шебер Гүлнар Ерғазина.

Рая ЕСКЕНДІР.



ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – әлеуметтік саясаттың маңызды бағыты

Бүгінде еңбек қауіпсіздігіне қойылатын талаптар да заманға сай жаңаруы тиіс. Жазатайым оқиғадан кейін әрекет етуден гөрі, алдын ала қандай қауіп төнетінін анықтау маңызды. Еңбек күніне орай осы және өзге де мәселелер жөнінде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты бас директорының міндетін атқарушы Әлімжан БЕКМАҒАМБЕТОВПЕН әңгімелескен едік.

– Әлімжан мырза, еңбек қауіпсіздігі бүгінде ұлттық саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды. Қазақстандағы еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің қазіргі деңгейін қалай бағалайсыз?

– Қазір еңбек қауіпсіздігі әдетте елдің тұрақты экономикалық дамуы мен әлеуметтік саясатының маңызды бөлігі саналады. Еңбек жағдайында болған жазатайым оқиғаларға жауап берумен шектелмей, оны болдырмауға, алдын алуға күш салу – ең маңызды міндет. Ол үшін кәсіптік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіріп, еңбек жағдайын бағалау сапасын арттыру, профилактикалық іс-шараларды дамыту және заманауи мониторинг құралдарын кеңінен енгізу қажет. Ал басшылардың жауапкершілігін арттыру – бөлек атап өтетін мәселе.

– Институт осы бағытта ғылыми-зерттеу мен сараптамалық жұмыстар жүргізетін негізгі институттардың бірі. Бүгінде қандай мәселелерді зерттеуге басымдық беріп отырсыздар?

– 2024–2026 жылдары негізгі бағыттардың бірі зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін әлеуметтік кепілдіктер жүйесін трансформациялау болды. Осы бағытта кепілдіктер берудің тәуекелге бағдарланған моделі, олардың көлемін айқындау және кәсіптерді саралау әдістемелері әзірленді. «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік» ақпараттық жүйесінде 3 цифрлық анықтамалық жасалып, олардың нәтижелері тау-кен өндіру, мұнай-газ және өңдеу өнеркәсібінің 19 кәсіпорнында сынақтан өткізілді. Екінші бағыт – кәсіптік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру. Еңбек жағдайларының жіктемесі, оның ішінде ашық ауада, жер астында және биіктікте орындалатын жұмыстарға арналған кәсіптік тәуекелдерді бағалау әдістемелері әзірленді. Ақпараттық жүйеде зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың сыныптауышы, кәсіптік тәуекелдерді бағалау жөніндегі электрондық есеп және түзету шараларының электрондық жоспары енгізілді. Бұл нәтижелер тағы 8 кәсіпорында сынақтан өткізіліп, кәсіптік тәуекелдерді басқару қағидаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу кезінде пайдаланылды.

Биылдан бастап зерттеулердің басым бағыты профилактикаға ауысады. Ал 2027 жылдан бастап ғылыми зерттеулердің аясы кеңейеді. Мүгедектігі бар адамдардың еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында еңбек жағдайларын мониторингтеудің цифрлық конструкторын әзірлеу, сондай-ақ климаттық өзгерістердің еңбек жағдайларына, қызметкерлердің денсаулығына, жұмыспен қамтуға және әлеуметтік-еңбек қатынастарына әсерін зерттеу жоспарланып отыр.

Ортақ жауапкершілік

– Қауіпсіз еңбек мәдениетін қалыптастыруда жұмыс беруші мен қызметкердің жауапкершілігі қалай бөлінуі керек?

– Бұл арада жауапкершілік екі тарапқа да ортақ. Дегенмен, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және кәсіптік тәуекелдерді басқару міндеті, ең алдымен, жұмыс берушіге жүктеледі. ҚР Еңбек кодексінің 182-бабына сәйкес, жұмыс беруші кәсіптік тәуекелдерді бағалауға, оларды барынша болдырмауға, қызметкерлерді оқытуға, нұсқама өткізуге және олардың білімін тексеруге, сондай-ақ жұмысты қауіпсіз ұйымдастыруға міндетті. Ал қызметкер ҚР Еңбек кодексінің 181-бабына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтауға, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын пайдалануға, оқыту мен нұсқамадан өтуге, сондай-ақ өндірістік жарақат, кәсіптік ауру белгілері немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар туралы дереу хабарлауға міндетті.

– Еңбек қауіпсіздігін бақылауға цифрлық технологиялар, жасанды интеллект немесе автоматтандырылған мониторинг жүйелері қаншалықты көмектесе алады?

– ЕҚРҒЗИ бұл бағытта «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік» ақпараттық жүйесіне арналған бірқатар цифрлық құралды әзірледі. 2026 жылғы қаңтар–мамыр айларында цифрлық мониторинг 259 есеп пен 11 180 жұмыс орнын қамтыды. Нәтижесінде кәсіпорындар кәсіптік тәуекелдің бес деңгейі бойынша жіктелді. Басты мақсат – цифрлық технологияларды тек болған жағдайларды тіркеу үшін емес, тәуекелі жоғары аймақтарды алдын ала анықтап, олардың себептерін талдау және профилактикалық шараларды дер кезінде қабылдау үшін пайдалану. Жасанды интеллект бұл ретте маманның кәсіби сараптамасын алмастырмай, шешім қабылдауға қолдау көрсететін құрал ретінде қарастырылады.

– Алматы сияқты ірі мегаполисте еңбек қауіпсіздігі өндірістегі жұмысшыларға ғана қатысты емес. Курьерлер, такси жүргізушілері, коммуналдық қызметкерлер, қойма және логистика саласының мамандары сияқты жаңа еңбек нарығындағы қызметкерлердің қауіпсіздігіне қандай талаптар қойылуы керек?

– Ірі мегаполисте дәстүрлі және жаңа еңбек нарығы қатар өмір сүреді, сондықтан қауіпсіздік те нарықтың өзгерісіне ілесіп отыруы тиіс. Курьер, такси жүргізуші, коммуналдық қызметкер, қойма мен логистика маманы – әрқайсысының тәуекелі әртүрлі, сондықтан барлығына бірдей келетін жалғаш нұсқаулық жұмыс істемейді. Әр санатқа өз тәуекелін бағалау және соған сай алдын алу шаралары қажет. Осыған байланысты ЕҚРҒЗИ Халықаралық еңбек ұйымымен, ХЕҰ-ның Халықаралық оқу орталығымен (ITCLO), «PARYZ» жұмыс берушілер конфедерациясымен және басқа серіктестермен бірлесіп, еңбек қауіпсіздігі саласындағы мамандар даярлау жүйесін дамытуда. Кәсіпорындарда тікелей оқыту жүргізе алатын білікті тренерлерді дайындауға ерекше көңіл бөлінеді, сонымен қатар



қашықтан оқытуға мүмкіндік беретін цифрлық платформалар қолданысқа енгізіліп жатыр.

Зерттеуді қажет етеді

– Институт зерттеулері өндірістегі нақты шешімдерге қалай енгізіледі? Мысалы, институт анықтаған ғылыми ұсыныстар кәсіпорындардың еңбек қауіпсіздігі жүйесіне қалай беріледі?

– Жұмыскерлердің әлеуметтік кепілдіктері жүйесін жетілдіруге бағытталған зерттеулер тау-кен, мұнай-газ және өңдеу өнеркәсібі салаларындағы 19 кәсіпорында апробациядан өтті. Бұдан бөлек, еңбек жағдайлары мен кәсіптік тәуекелдер саласындағы зерттеу нәтижелерін апробациялауға 8 кәсіпорын тартылды. Осы екі бағыт бойынша практикалық апробацияға барлығы 27 кәсіпорын қамтылды. Апробация барысында кәсіпорын мамандары ұсынылған тәсілдерді нақты өндірістік жағдайларда қолданады, одан кейін алынған нәтижелер мен кері байланыс талданады. Пилоттық кәсіпорындарда апробациядан өткізу және кейіннен енгізу арқылы ЕҚРҒЗИ зерттеулерінің нәтижелері мен еңбекті қорғау практикасы арасында тікелей байланыс қамтамасыз етіледі.

– Өндірістік кәсіптерге жаңадан келген жас мамандардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда қандай тәсілдер тиімді?

– Жас маманның қауіпсіздік мәдениеті еңбек жолын бастаған алғашқы күндерінен бастап қалыптаса бастайды. Біз бұл мәселеге жастардың еңбек нарығына ерте шығуы тұрғысынан да назар аудардық. Институтта «Қазақстан Республикасында 18 жасқа толмаған адамдарды жұмысқа қабылдау мәселелері бойынша социологиялық зерттеу жүргізу және ұсынымдар әзірлеу» тақырыбында социологиялық зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша кәмелетке толмағандардың еңбекпен қамтылуын реттеуге, тәуекелі жоғары салалардағы бейресми жұмыспен қамтуды бақылауды күшейтуге, жасөспірімдерді жұмыспен қамтудың заңды нысандарын дамытуға, сондай-ақ еңбек құқықтары мен кепілдіктері мәселелері бойынша жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге бағытталған практикалық ұсынымдар әзірленді.

– Алдағы жылдары Қазақстандағы еңбек қауіпсіздігі жүйесінде қандай өзгерістерді күтуге болады? Институт бұл процесте қандай рөл атқармақ?

– Алдағы перспективалық бағыттардың бірі – мүгедектігі бар адамдардың еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және цифрлық технологияларды қолдана отырып, инклюзивті еңбек нарығын қалыптастыру. Бұл бағытта инклюзивті еңбек нарығындағы әдіснаманы және мүгедектігі бар адамдардың еңбек жағдайларын мониторингтеуге арналған цифрлық конструкторды әзірлеу көзделеді.

Тағы бір перспективалық бағыт климаттың өзгеруімен байланысты. Климаттық өзгерістердің еңбек жағдайларына, жұмыскерлердің денсаулығына және әлеуметтік-еңбек қатынастарына әсерін зерттеу, климаттық тәуекелдерді бағалау әдістерін және салалар мен өңірлер үшін бейімделу стратегияларын әзірлеу жоспарлануда.

Халықаралық күн тәртібі де маңызды бағдар. Жасанды интеллект жағдайындағы еңбек болашағы, экономиканың жасыл және көгілдір трансформациясы, жұмыспен қамтудың жаңа нысандары, адами капиталды дамыту, сондай-ақ еңбек сипатының өзгеруі жағдайында жұмыскерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету басым бағыттар ретінде айқындалған.

– Әңгімеңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан Дана САДЫРҚАН.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ



ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ – 100

«ДӘУІРДІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ»



Биыл қазақ операсының мэтрі Ермек Серкебаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Осыған орай, ҚР Ұлттық кітапханасында «Ермек Серкебаев – дәуірдің жарық жұлдызы» атты еске алу кеші өтті. Алдымен кеш қонақтары Ермек Серкебаевтың шығармашылық мұрасы мен әр жылдардағы суреттері, естеліктер жинағынан тұратын көрмені тамашалады.

Еске алу кешін ҚР ұлттық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайбергенқызы ашып, қазақтың музыка өнеріне өлшеусіз үлес қосқан бірегей тұлғаның өмірі мен шығармашылық жолы туралы кеңінен баяндады. Әсіресе, Серкебаевтар әулетінің әнші туралы естеліктері өте әсерлі болды. Олар баладай ақкөңіл жанның туыстар арасында да ерекше беделді болғанын сағыншыпен еске алды.

Сөз кезегін алған Эстрадалық-симфониялық оркестр дирижері, композитор, Қазақ КСР Халық әртісі, әншінің інісі Мұрат Серкебаев, ұлы ҚР еңбек сіңірген қайраткері, музыкант Байғали Серкебаев, АҚШ-тан арнайы келген қызы Ирина Серкебаева, қарын-

дасы скрипкашы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Жәмила Серкебаева, сахнада әріптесі болған ҚР еңбек сіңірген қайраткері Гүлзат Дәуірбаева есімі ел есінде қалған Ермек Серкебаевтың сахнадағы жарқын бейнесі, кәсіби шеберлігі, ұлттық өнерді дамытудағы еңбегі туралы сыр шертті.

Сондай-ақ, Е.Серкебаевтың шәкірттері Абай атындағы опера және балет театрының солистері ҚР еңбек сіңірген қайраткері Болат Бөкенов пен Болат Қанағатов әншінің репертуарындағы танымал шығармаларды орындады. «Алматы әуендері» мекемесінің директоры Дулат Тоқанов, театртанушы Аманкелді Мұқанов Е. Серкебаевтың есімі мәңгі ел есінде сақталатынын жеткізді.

«ALEM FEST»

ӨНЕРГЕ ШАБЫТ БЕРДІ

Алматыда балалардың шығармашылығын дамытуға бағытталған мүмкіндіктер алаңы кеңейіп келеді. Соның бірі – Мемлекет басшысының қатысуымен тұсауы кесілген Наурызбай ауданындағы Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығы. Қала күніне орай мұнда дәстүрлі «Alem Fest: Қала, бала, болашақ!» фестивалі өтті.

Алматы тақырыбында безендірілген Орталықтың фойесі өнер мен шығармашылықтың ашық алаңына айналды. 100-ге жуық жас суретші қалаға деген сүйіспеншілігін бояу тілімен жеткізсе, оқушылар мен педагогтер Алматыға арналған әндерді әуелетті. Фестивальдің негізгі бөлігі концерт залында жалғасып, Орталық директоры Айнұр Даулбаева мекеменің даму бағыттары мен балаларға ұсынылатын мүмкіндіктері туралы таныстырды.

Ашылғанына небәрі үш жыл болған Орталықта бүгінде 58 үйірме жұмыс істейді. Балаларға арналған білім беру бағдарламалары ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, музыкалық-аспаптық, экологиялық-биологиялық және спорттық бағыттағы 5 негізгі саланы қамтиды. Балалар мұнда робототехника, бағдарламалау, 3D модельдеу, театр, би, вокал, бейнелеу өнері, ұлттық аспаптар, аквапоника, гидропоника, күрес, бокс, тоғызқұмалақ және шахматпен айналысады.

Орталықтағы үйірме жұмыстарының нәтижесі де көңіл қуантады. Мәселен, биыл баян үйірмесінің тәрбиеленушісі Хамзахан Бектөре П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжіне баян класына оқуға түсті. Шәкірттің кәсіби білімге қадам басуына үйірме жетекшісі Нұрислам Арманбекұлының еңбегі зор.

Робототехника командалары халықаралық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп жүр. «Alem Innovators» командасы Макаода өткен FIRST LEGO League Asian Open Championship чемпионатында үздік бестікке енді. Астанадағы FIRST Robotics Central Asia Championship 2026 жарысында Champions Award Winner атанып,



Хьюстонда өткен әлем чемпионатында Core Values Award номинациясымен марапатталды. Командаға Айдана Аманбекқызы жетекшілік етеді. Ал «KazBots» командасы Астанадағы чемпионатта Core Value Award Winner атанып, Ташкенттегі халықаралық жарыста Champions Award Finalist атағын иеленді. Жетекшісі – Қанат Сержанұлы.

Орталықтың шығармашылық ұжымдары да халықаралық сахналарда жоғары нәтиже көрсетіп келеді. «Тамсан» вокалдық тобы Дубайда өткен Arabian Music Festival халықаралық байқауында I және II орындарға ие болып, Ташкентте өткен VI Tashkent International Music Festival байқауында I орын мен Бас жүлдені жеңіп алды. Ұжымның жетекшісі – Ғалия Қасымбекқызы. «Бек-Ару» дәстүрлі ән салу ансамблі Ташкентте өткен Nauryz Music Festival халықаралық байқауында I орын иеленіп, Грузияда өткен XXII International Art Festival-Competition «Orange Kobuleti 2026» байқауында да жоғары нәтиже көрсетті. Ансамбльге Гүлжамал Шаяхметқызы жетекшілік етеді. Ал «Керім-ай» сән театры Ташкент қаласында өткен «Open Stars of Uzbekistan» халықаралық байқауында ең жоғары марапатқа ие болды. Бұл – ұжым жетекшісі Әйгерім Дәлелханқызының еңбегі.

«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің қатысу-



шылары да халықаралық жарыстарда жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүр. Мәселен, мектеп оқушылары арасындағы өткен II Әлем чемпионатында Жарқынбек Айгерім күміс медаль иеленсе, VII Азия чемпионатында Жарқынбек Айгерім алтын медаль жеңіп алып, Азия чемпионы атанды. Осы чемпионатта Берікбол Нұрай қола медаль иеленді. Жас спортшылардың жеңісіне Самат Қасымбековтің қосқан үлесі зор. Міне, Орталық шәкірттері Ташкент, Дубай, Грузия, Бейжің, Макао және Хьюстон қалаларында өткен халықаралық байқаулар мен жарыстарда өз білімдері мен өнерін танытып үлгерсе, бұл жетістіктердің артында баланың талпынысы, педагогтің кәсіби еңбегі және ата-ананың қолдауы тұр.

Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығының жауапты әдіскері Гүлмира Бағыбекқызы арнайы қатысып,



жеңімпаздарды құттықтады. Бағдарламаның ерекше сәті – «Алмалы оқиға» театрландырылған қойылымы болды. Алматымен тамырлас алма бейнесі қойы-

лымның негізгі желісіне айналып, театр, би, музыка және сахналық образдар арқылы көркем өрнектелді. Концерттен кейін ата-аналар мен қонақтар арнайы маршруттар бойынша Орталықты аралап, үйірмелердің күнделікті жұмысымен жақын танысты. Зертханаларда, шығармашылық шеберханаларда, музыкалық кабинеттер мен спорт залдарында педагогтер әр бағыттың ерекшелігін таныстырып, балаларға ұсынылатын мүмкіндіктерді көрсетті.

Осылайша «Alem Fest: Қала, бала, болашақ!» фестивалі білім, өнер, технология мен шығармашылықты бір арнаға тоғыстырған керемет мазмұнды іс-шараға айналды.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

КОНЦЕРТ

Майра Уәлиқызынан бастап қазақтың ән көзінде бұлбұл үнімен қалықтаған бірнеше Майраның есімі ел жүрегінде жатталған. Ал бүгінгінің Майрасы – Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Отан» және «Құрмет» ордендерінің иегері Майра Мұхамедқызының өнердегі өрісі тіптен бөлек.



ҚАЗАҚТЫҢ МАЙРА-БҰЛБҰЛЫ

Әлемнің әйгілі сахналарын әнімен тербеген, қарт құрлықты қазақ әнінің әсеріне бөлеген Майра осы аптада Алматыдағы Республика сарайында өнердегі 30 жылдығына арнап шығармашылық кешін өткізді. Сырлы дауыс иесі талай жылдан бері өзінің шығармашылық ғұмырын қазақ мәдениетін дәріптеуге арнап, талай биік белестерді бағындырды. Әнші Майра Мұхамедқызы арқылы әлем қазақ халқын таныса, киелі өнер оның даңқын шартарапқа таратты.

Қазақ мәдениетінде ұлттық ән өнерін әлемдік опера сахнасына алып шыққан Майра Мұхамедқызының есімі айрықша аталады. Сырлы дауыс иесі талай жылдан бері өзінің шығармашылық ғұмырын қазақ мәдениетін дәріптеуге арнап, талай биік белестерді бағындырды. Әнші Майра Мұхамедқызы арқылы әлем қазақ халқын таныса, киелі өнер оның даңқын шартарапқа таратты.

Алматыдағы шығармашылық кешінің шарықтау сәтінде кеш иесі тыңдарманына:

– Отаным деп келгенімде құшағын ашып, бауырына басқан бүкіл қазақ халқына басымды иемін. Менің еркін самғауыма қолдау білдірген барлық жаны жайсаң кісілерге алғыс айтудың сәті түскен сыңайлы, – дей келіп кешті Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнімен жалғады.

Концерттің арасында Майра Мұхамедқызы өзінің өнер сапары жайында да сыр шертті. Вокалдық өнерді шыңдаған

соң, опера өнеріне деген сүйіспеншілігінің нығая түскенін жеткізді. Қытайда өткізілген көптеген музыкалық байқауда жеңімпаз атанған жас әншінің есімі ондағы өнер ортасына кеңінен таныс бола бастаған, алайда тәуелсіздік алған тарихи отаны Қазақстанға біржола қоныс аударды. Қазақ еліне келген соң Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында кәсіби шеберлігін шыңдады. Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында еңбек етіп, өзінің қайталанбас шығармашылық қолтаңбасын қалыптастырды.

Өнерімен есімі елге таныла бастаған Майра Мұхамедқызының халықаралық деңгейдегі үлкен жетістіктерінің бірі – 1998 жылы Мәскеуде өткен П.И.Чайковский атындағы халықаралық байқауда жүлделі орын алғаны еді. Бұл жетістік қазақ опера өнерінің әлемдік деңгейдегі беделін танытуға жол ашты. Осыдан кейін-ақ әншінің өнері шетел сахналарында жоғары бағаланып, Париждегі Гранд-Опера сахнасында өнер көрсеткен алғашқы қазақ әншісі болып, әлемдік опера жұлдыздары арасында танымал болды.

Сол жолы Францияның бірқатар опера театрларында жетекші партияларды шырқады. Сонымен қатар, Вашингтондағы

Ұлттық опера театрында да ән шырқап, әлемнің белгілі музыканттарымен бір сахнада өнер көрсету мүмкіндігіне ие болды. Оның репертуарында әлемдік опера классикасымен қатар, қазақтың халық әндері де ерекше орын алады.

Ғажайып әнші Майраның дауысы әртүрлі партияларға келе беретіндіктен әлемдік сахналардан жиі естілді. Ол Парижден тыс Бейжің, Мәскеу, Вашингтон, Нью-Йорк, Лондон, Стамбул, Дели, Сеул, Вена, Берлин, Будапешт театрларында өнер көрсетті. Әрі өзіндік сопрано дауысымен опера сахнасында көптеген басты рөлді сомдап, халықаралық деңгейдегі қойылымдарға қатысты. Оның репертуарында Верди, Пуччини, Моцарт сияқты әлемдік классиктердің шығармалары мен қазақ театр өнерінде «Біржан-Сара» операсындағы Сара, «Абай» операсындағы Ажардың рөлдері сияқты жауһарлар образдарымен есте қалды.

Әлемдік классиканың шыңында жүргенімен, әншінің қазақ әндеріне деген махаббаты әр сөзінен білініп тұрады. Ол «ұлттық өнерді әлемге таныту шығармашылық жолымның маңызды бағыты» деп үнемі мақтанышпен айтып келеді. Шынында, Майра орындаған әндер ерекше құлпырып, құбылып кетеді. Ол қазақтың дәстүрлі әндерін жоғары кәсіби деңгейде

орындауы арқылы ұлттық музыканың терендігін шетелдік тыңдарманға жеткізді.

Майра Мұхамедқызының ұстаздық жолы да бір төбе. Ол Қазақстанның музыкалық өнерінің болашағынан зор үміт күтетінін, осынау жолда өзінің де үлес қосып жүргенін жеткізді.

– Бәлкім, 30 жыл бойы сахнада жүру біреуге аз, біреуге көп болуы мүмкін. Егер шынымды айтар болсам, осынша уақыттың қалай тез өткенін сезбей қалыппын. Осы жылдарда 50 шақты опера, 100-ге жуық қазақтың халық әнін орындаппын. Шығармашылық қызметімнің 30 жылдығын өз Отанымда атап өтіп жатқаным мақтанамын. Мұндай бақытқа кез келген классикалық әншінің қолы жете бермес, – деп ағынан жарылды кеш иесі.

Шығармашылық концертінде кеш бойы әншінің құшағы гүлге толды. Оның өнерін тамашалау үшін Парижден арнайы Берлин Кенжетайұлы бастаған делегация келіп, сол жақтағы бауырлардың сәлемін жеткізді. Алматы, Шымкент қалалары басшыларының ықылас гүлі тарту етілді.

Әнші Майра Мұхамедқызы концерттің соңында қала басшысына, өнерін бағалаған қалың тыңдарманына зор құрметпен басын иіп, алғысын білдірді.

Рая ЕСКЕНДІР.

ҚОНАҚЖАЙ АЛМАТЫ

ЖАСАМПАЗ ҚАЛА ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ

Шаһарда AGGE FESTIVAL 2026 өтті

Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында AGGE FESTIVAL 2026 халықаралық гик-мәдениет фестивалі өтті. Бағдарламада косплей байқауы, кино және сериал жобаларының таныстырылымы, киберспорт, ойын және VR-аймақтар, үстел ойындары, авторлар жәрмеңкесі және арнайы қонақтармен кездесулер бар.

Іс-шараның басты қонақтарының бірі – оңтүстіккореялық актер Пак Сон Хун. Ол Netflix-тің Squid Game («Кальмар ойыны») сериалында Хён Джу, яғни №120 ойыншының рөлін сомдаған. Тағы бір арнайы қонақ – Дэниэл Портман. Ол көпшілікке Game of Thrones («Тақтар ойыны») сериалындағы Подрик Пейн рөлі арқылы таныс. Фестиваль бағдарламасында екі актермен де жанкүйерлер кездесуі, автограф және фотосессиялар қарастырылған.

Пак Сон Хунды көруге келген жанкүйерлердің бірі – Айнұр Мұхади. Оның айтуынша, актер экрандағы образдарынан мүлде бөлек әсер қалдырған.

«Пак Сон Хунды өте қатты күттім. Кездескенде мен ойлағаннан да жүзі жылы, өте қарапайым адам екеніне көзім жетті. Кинода көбіне жағымсыз кейіпкерлерді сомдайды ғой. Ал өмірде мүлде басқа адам. Біз оған сұрақ қойып, бірге суретке де түстік. Маған кездесу өте ұнады», – дейді Айнұр Мұхади.



Жанкүйер актерден өзі сомдаған рөлдердің қайсысы өзіне жақын екенін де сұрағанда:

«Мен одан өзі түскен туындылардың ішінде қай рөлі өзіне жақын екенін сұрадым. Ол романтикалық драмадағы кейіпкерлерінің бірін атады. Өмірде де өзін сол образға жақын санайтынын айтты. Ол рөлде жақындарына жанашыр, жылы адамды сомдаған», – дейді ол.

Іс-шара тек танымал актерлермен кездесумен шектелмейді. Мұнда аниме, манга, комикс, ойын индустриясы мен косплейге арналған түрлі аймақтар да жұмыс істеп тұр.

Солардың бірі – ОТАКУ 2D MIR дүкенінің бұрышы. Дүкен өкілі Тахминаның айтуынша, мұнда аниме, манга, манхуа, манхва және ойындарға қатысты түрлі өнімдер ұсынылған.

«Бізде фигуркалар, артбуктар, төсбелгілер, брелоктар, жұмсақ ойыншықтар және басқа да тематикалық тауарлар бар. Жалпы, аниме көретін, манга мен манхва оқитын адамдарға қызық болатын дүниелерді ұсынуға тырысамыз. Әзірге сұраныс аса жоғары емес, бірақ алдағы уақытта қызығушылық артады деп үміттенеміз», – дейді Тахмина.

Іс-шара аясында отандық контент те таныстырылды. Freedom Media және Freedom TV өкілі Лина қазақстандық «Токсик» сериалы туралы айтып берді.

«Жақында біздің платформамызда жаңа қазақстандық «Токсик» сериалы жарық көрді. Ол комикс желісі бойынша түсірілген. Сериал толығымен қазақ тілінде ұсынылады. Сонымен қатар, орыс тіліндегі дубляж бен субтитр де бар», – дейді Лина.

Алаңда «TOXIC: Батырсымақ» комиксі де көрсетілді. Басылымдағы мәліметке сәйкес, комикс 2026 жылы Алматыда жарық көрген. Ол қазақ тілінде басылған, көлемі – 246 бет, жас санаты – 14+.

Линаның айтуынша, «Токсик» жобасы аясында RC Cola-мен бірлескен лимиттелген өнім де шығарылған. Сондай-ақ, платформаға сайт немесе қосымша арқылы тіркеліп, арнайы промокод алған қатысушылар iPhone 17 Pro 256 GB ұтысына қатыса алады.

Іс-шараның тағы бір ерекшелігі – косплей. Қатысушы Ақжол «Hazbin Hotel» мультсериалындағы Адам кейіпкерін қазақы нақышта бейнелеген.

«Менің атым – Ақжол. Косплейімнің атауы – «Адам». Бұл – «Hazbin Hotel» мультсериалындағы кейіпкер. Образды қазақ мәдениетіне бейімдеп, кейіпкердің танымал белгілерін ұлттық стиль элементтерімен үйлестіруге тырыстым», – дейді ол.

AGGE FESTIVAL 2026 осылайша кино мен сериал жанкүйерлерін ғана емес, аниме, комикс, ойын және косплейге қызығатын қауымды да бір алаңға жинап отыр.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

1.1.8.1	қоныстану аумақтарын дамыту үшін	-/-	-	-	-
1.1.8.2	өнеркәсіптік-өндірістік және коммуналдық аумақтарды дамыту үшін	-/-	-	-	-
1.1.8.3	рекреациялық және өзге де аймақтарды ұйымдастыру үшін	-/-	-	-	-
1.2.	Жерлердің жалпы санынан:				
1.2.1*	мемлекеттік меншіктегі жерлер	-/-	-	-	-
1.2.2*	коммуналдық меншіктегі жерлер	-/-	-	-	-
1.2.3*	жеке меншіктегі жерлер	-/-	-	-	-
2	Халық				
2.1	Бағынысты елдімекендерді ескере отырып, халық саны, барлығы	мың адам	2292,05	2750,00	3600,00
	Оның ішінде:				
2.1.1	қаланың (кенттің, ауылдық елдімекеннің) өзі	-/-	2292,05	2750,00	3600,00
2.1.2	басқа да елді мекендер	-/-	-	-	-
2.2	Халықтың табиғи қозғалысының көрсеткіштері:		22,2	29,00	34,2
2.2.1	өсім	-/-	34,4	45,5	52,2
2.2.2	кему	-/-	12,2	16,5	18,0
2.3	Халықтың көші-қон көрсеткіштері:		41,2	42,5	50,8
2.3.1	өсім	-/-	238,6	239,4	258,8
2.3.2	кему	-/-	197,4	197,9	208,0
2.4	Халықтың тығыздығы				
2.4.1	қоныстану аумағы шегінде	адам/га	58	68	90
2.4.2	қалалық, кенттік және ауылдық құрылыс аумағының шегінде	-/-	34	40	53
2.5	Халықтың жас құрылымы:				
2.5.1	15 жасқа дейінгі балалар	мың адам/%	614,5/26,8	734,3/26,7	961,2/26,7
2.5.2	еңбекке қабілетті жастағы халық (ерлер 16–61 жас, әйелдер 16–60 жас)	-/-	1404,1/61,3	1680,3/61,1	2196/61,0
2.5.3	еңбекке қабілетті жастан асқан халық	-/-	273,4/11,9	335,5/12,2	442,8/12,3
2.6	Отбасылар мен жалғыз тұратын тұрғындар саны, барлығы	бірлік/%	790/ 100%	950/ 100%	1240/ 100%
	оның ішінде:				
2.6.1	отбасылар саны	-/-	610/ 81%	780/ 82%	1030/ 83%
2.6.2	жалғыз тұратын тұрғындар саны	-/-	150/ 19%	170/ 18%	210/ 17%
2.7	Еңбек ресурстары, барлығы	мың адам	1655,0/72,2	2051,5/74,6	2775,63/71,1
	олардың ішінде:				
2.7.1	Экономикалық белсенді халық, барлығы	мың адам/%	1135,1/49,6	1375,5/50,1	1908,0 /53,0
	оның ішінде:				
2.7.1.1	Экономика салаларында жұмыспен қамтылғандар	-/-	1083,0/47,3	1315,0 /47,9	1836,0/51,0
1)	қала құраушы топта	-/-	261,9/11,5	330,0 /12,0	522,0/14,5
	олардың ішінде: өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық		39,4	47,0	60,0
2)	қызмет көрсету тобында	-/-	821,1/35,8	985,0/35,9	1314,0/36,5
2a)	олардың ішінде: өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық		90,0	110,0	145,0
2.7.1.2	Жұмыссыздар	-/-	52,0/4,8	60,5/4,6	72,0/4,0
2.7.2	Экономикалық белсенді емес халық	-/-	519,9/22,7	616,0/22,4	795,6/22,1
	оның ішінде:				
2.7.2.1	Өндірістен қол үзіп оқитын еңбекке қабілетті жастағы білім алушылар	-/-	305,1/13,4	385,0/14,0	540,0/15,0
2.7.2.2	Экономикалық қызметпен және оқумен айналыспайтын еңбекке қабілетті жастағы еңбекке қабілетті халық	-/-	214,8/9,3	231,0/8,4	255,6/7,1
3	Тұрғын үй құрылысы				
3.1	Тұрғын үй қоры, барлығы	мың м2 жалпы ауданы / %	57 465,8/	69 830,0/	95 330,0/
	оның ішінде:		100%	100%	100%
3.1.1*	мемлекеттік қор	-/-	-	-	-
3.1.2*	жеке меншіктегі	-/-	-	-	-
3.2	Жалпы қордан:	-/-			
3.2.1	көппәтерлі үйлерде	-/-	36 094,84/	51 052/	77 410/
			62,8%	73,1%	81,2%
3.2.2	үй-жай үлгісіндегі үйлерде	-/-	21 369,96/	18 778/	17 920/
			37,2%	26,9%	18,8%
3.3	Тозуы 70 %-дан асатын тұрғын үй қоры, барлығы	-/-	-	-	-
	оның ішінде:				
3.3.1	мемлекеттік қор	-/-	-	-	-
3.4	Сақталатын қолданыстағы тұрғын үй қоры, барлығы	-/-		53 211/ 92,6%	49 424/ 85,7%
3.5	Тұрғын үй қорының қабаттылығы бойынша бөлінуі:		57 565/ 100%	69 830/100%	95 330 /100%
	оның ішінде:				
3.6.1	аз қабатты	-/-			
	олардың ішінде мынадай құрылыста:				
3.6.1.1	үй (пәтер) жанында жер учаскесі бар үй-жайлық (коттедж үлгісіндегі)	-/-	19 052/ 33,2%	15 213/21,8%	12 149/ 12,7%
3.6.1.2	пәтер жанында жер учаскесі бар оқшауланған	-/-	-	-	-
3.6.1.3	жер учаскесі жоқ 2-3 қабатты	-/-	2 318/4,0%	2 858/ 4,1%	3 342/3,5%
3.6.2	орта қабатты (4-5 қабатты) көппәтерлі	-/-	12 319/ 21,4%	18 565/	28 774/
				26,6%	30,2%
3.6.3	көпқабатты көппәтерлі	-/-	23 776 /41,4%	33 194/	51 056/
				47,5%	53,6%
3.7	Қолданыстағы тұрғын үй қорының кемуі, барлығы	-/-	8 040,71 /	4 252,17/	3 786,53/
			14,0%	7,4%	6,6%
	оның ішінде:				
3.7.1	техникалық жай-күйі бойынша	-/-			
3.7.2	реконструкциялау бойынша	-/-	7 532,71/	3 744,17/	3 786,53/
			13,2%	6,6%	6,6%
3.7.3	басқа да себептер бойынша (реновация)	-/-	508,0/	508,0	-
			0,8%	/0,8%	
3.7.4	Тұрғын үй қорының кемуі мынаған қатысты:				
3.7.4.1	қолданыстағы тұрғын үй қорына	%	14,0	7,4	6,6
3.7.4.2	жаңа құрылысқа	-/-		25,6	12,9
3.8	Жаңа тұрғын үй құрылысы, барлығы, оның ішінде мыналар есебінен:	үйлер (пәтерлер) бірлігі / жалпы ауданның мың шаршы м		127 960/ 16 620	208 100/ 29 287
3.8.1*	мемлекеттік қаражат	-/-	-	-	-
3.8.2*	кәсіпорындар мен ұйымдар	-/-	-	-	-
3.8.3*	халықтың өз қаражаты	-/-	-	-	-
3.9	Жаңа тұрғын үй құрылысының қабаттылығы бойынша құрылымы	-/-	346 060/	127 960/	208 100/
	оның ішінде:		45 907	16 620	29 287
3.9.1	аз қабатты	-/-	12 550/	5 775/	6 775/
			2 171	955	1 216
	олардың ішінде:				
3.9.1.1	үй (пәтер) жанында жер учаскесі бар үй-жайлық (коттедж үлгісіндегі)	-/-	7 650/	3 075/	4 575/
			1 147	415	732
3.9.1.2	пәтер жанында жер учаскесі бар оқшауланған	-/-		-	-
3.9.1.3	жер учаскесі жоқ 2-3 қабатты	-/-	4 900/	2 700/	2 200/
			1 024	540	484
3.9.2	орта қабатты (4-5 қабатты) көппәтерлі	-/-	171 490/	69 400/	102 090/
			16 456	6 246	10 209

3.9.3	көпқабатты көппәтерлі	-/-	162 020/	62 785/ 9 418	99 235/
			27 280		17 862
3.10	Жаңа тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінен мыналар орналастырылады:				
3.10.1	бос аумақтарда	мың шаршы м/%		4 737 /	4 920/
				28,5%	16,8%
3.10.2	қолданыстағы құрылысты реконструкциялау есебінен	мың шаршы м/%		11 883/	24 367/
				71,5 %	83,2%
3.11	Жаңа тұрғын үй қорының жалпы ауданының орта есеппен жылына енгізілуі	мың шаршы м		2 770	2 925
3.12	Тұрғын үй қорының қамтамасыз етілуі:				
3.12.1	су құбырымен	жалпы тұрғын үй қорының %-ы	100	100	100
3.12.2	кәрізбен	-/-	98,4	99	100
3.12.3	электр плиталарымен	-/-	1,6	1,8	2,0
3.12.4	газ плиталарымен	-/-	98,0	100	100
3.12.5	жылумен	-/-	79,5	80	85
3.12.6	ыстық сумен	-/-	70,8	72	75
3.13	Халықтың тұрғын үй қорының жалпы ауданымен орташа есеptік қамтамасыз етілуі				
3.13.1.	халықтың жаңа тұрғын үй құрылысының жалпы ауданымен қамтамасыз етілуі	м2/адам		27,0	30,0
3.13.2.	халықтың бүкіл тұрғын үй қорының жалпы ауданымен орташа есеptік қамтамасыз етілуі	м2/адам	25,07	25,4	26,5
4	Әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері				
4.1	Мектепке дейінгі балалар мекемелері, барлығы/1000 адамға	орын	85 500/37	187 000//68	306 000/85
4.1.1	қамтамасыз етілу деңгейі	%	46,6	85,0	100,0
4.1.2	1000 тұрғынға	орын	80	80	85
4.1.3	жаңа құрылыс	-/-		101 500	119 000
4.2	Жалпы білім беретін мекемелер, барлығы/1000 адамға	-/-	360 000/157	467 500/170	630 000/175
4.2.1	қамтамасыз етілу деңгейі	%	94,7	100	100
4.2.2	1000 адамға	орын	166	170	175
4.2.3	жаңа құрылыс	-/-		107 500	162 500
4.3	Ауруханалар, барлығы/1000 адамға	төсек	12 750/5,56	18 234/6,6	28 082/7,8
4.4	Емханалар, барлығы/1000 адамға	ауысымдағы келу саны	26 980/11,77	47 204/17,17	76 680/21,3
4.5	Ұзақ демалу мекемелері (демалыс үйлері, пансионаттар, оқушыларға арналған лагерлер және т.б.), барлығы/1000 адамға	орын	2 594/1,13	10 520/3,8	21 600/6,0
4.6	Дене шынықтыру-спорт құрылысжайлары – барлығы/1000 адамға	га		273/0,1	677/0,2
4.7	Ойын-сауық және мәдениет мекемелері (театрлар, клубтар, кинотеатрлар, мұражайлар, көрме залдары және т.б.), барлығы/1000 адамға	орын	25 910 /11,31	56 375/20,5	108 015/30
4.8	Сауда кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	м² сауда алаңы	803 738/351	803 738/292	1 008 001/280
4.9	Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	отыратын орын	81 450/35,5	110 000/40	144 000/40
4.10	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	жұмыс орны	20 126/8,8	28 737/10,45	39 600/11,0
4.11	Өрт сөндіру деполары	автомобильдер/бекеттер саны	167/20	215/26	297/36
4.12	Халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің өзге де объектілері (моншалар, сауналар және т.б.)	орын/1000 адамға	7 812/3,4	11000/4,0	14 400/4,0
5	Көлікпен қамтамасыз ету				
5.1	Жолаушылар қоғамдық көлігі желілерінің ұзындығы, барлығы	км	981,4	1039,77	1214,08
	оның ішінде:				
5.1.1	электрлендірілген темір жол	қос жолдың км			
5.1.2	метрополитен	-/-	13,4	35	123,61
5.1.3	Трамвай (LRT)	-/-	-	31	79
5.1.4	троллейбус	-/-	240	240	240
5.1.5	автобус	-/-	728	733,77	771,47
5.2	Магистральдық көшелер мен жолдардың ұзындығы, барлығы	км	3123,49	3167,79	3413,93
	оның ішінде:				
5.2.1	жүрдек қозғалыс жолдары	-/-	84,49	-	-
5.2.2	жалпықалалық маңызы бар магистральдар	-/-	492	525	612,24
5.2.3	аудандық маңызы бар магистральдар	-/-	592	598,9	663,32
5.2.4	тұрғын үй көшелері	-/-	1920	1924,4	1982,85
5.2.5	кенттік жолдар	-/-	-	-	-
5.2.6	өнеркәсіптік жолдар	-/-	35	-	71,03
5.3	Сыртқы көлік				
	оның ішінде:				
5.3.1	темір жол,				
	оның ішінде:				
	жолаушылар	мың жолаушы/жыл	3400	5100	5500
	жүктер	мың тонна/жыл	12000	17000	20000
5.3.2	әуе,				
	оның ішінде:				
	жолаушылар	мың жолаушы/жыл	6000	8500	9500
	жүктер	мың тонна/жыл	365	514,65	577,92
5.3.3	автомобиль,				
	оның ішінде:				
	жолаушылар	мың жолаушы/жыл			
	жүктер	мың тонна/жыл			
5.3.4	өзен	-	-	-	-
	оның ішінде:				
	жолаушылар	мың жолаушы/жыл	-	-	-
	жүктер	мың тонна/жыл	-	-	-
5.3.5	теңіз	-	-	-	-
	оның ішінде:				
	жолаушылар	мың жолаушы/жыл	-	-	-
	жүктер	мың тонна/жыл	-	-	-
5.3.6	Құбыржол	мың м³/жыл	-	-	-
5.4	Көше-жол желісінің тығыздығы				
5.4.1	қалалық; кенттік құрылыс шегінде	км/км²	4,54	6,07	6,2
5.4.2	қала маңы аймағы шекарасы шегінде	-»-	-	-	-
6	Инженерлік жабдықтау				
6.1	Сумен жабдықтау:				
6.1.1	Жиынтық тұтыну, барлығы	мың м³/тәул.	777,17	1 096,00	1 263,00
	Оның ішінде:				
6.1.1.1	шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне	-/-	621,734	726,00	864,00
6.1.1.2	өндірістік қажеттіліктерге	-/-	155,433	370,00	399,00
6.1.2	Су құбырының бас құрылыстарының қуаты	-/-	1 060,00	1 106,00	1 300,00
6.1.3	Пайдаланылатын сумен жабдықтау көздері:	-/-	777,17	1 096,0	1263,00
6.1.3.1	жерасты сужинағыштары	-/-	542, 26	806,00	973,00
6.1.3.2	жерүсті көздерінен су алу	-/-	234, 91	290,00	290,00
6.1.3.3	орталықтандырылмаған су көздері	-/-	-	-	-
6.1.4	Бекітілген қорлар				
6.1.4.1	ПҚМК жерасты сулары	мың м³/тәул.	815,11	-	-
6.1.4.2	жерүсті сулары	мың м³/тәул.	245,00	-	-

	(бекітілген күні, есептік мерзім)		- Алматы жерасты сулары кен орны. Арнайы су пайдалануға 07.02.2025 ж. KZ13VTE00290667 рұқсат, 05.02.2029 ж. дейін қолданылады – 432,0 мың м³/тәул. - Талғар жерасты сулары кен орны. Арнайы су пайдалануға 08.05.2025 ж. KZ19VTE00307340 рұқсат, 06.05.2030 ж. дейін қолданылады – 360,0 мың м³/тәул. - Кіші Алматы жерасты сулары кен орны. Арнайы су пайдалануға 18.09.2025 ж. KZ92VTE00326493 рұқсат, 16.09.2030 ж. дейін қолданылады – 21,60 мың м³/тәул. - Каменское плато учаскесі. Арнайы су пайдалануға 14.12.2022 ж. KZ35VTE00136332 рұқсат, 13.12.2027 ж. дейін қолданылады – 1,51 мың м³/тәул. - Жерүсті суларын пайдалануға арналған рұқсат беру құжаттары. Арнайы су пайдалануға 19.09.2025 ж. KZ07VTE00326568 рұқсат, 16.09.2030 ж. дейін қолданылады – 244,957 м³/тәул.		
6.1.5	Бір адамға тәулігіне орташа су тұтыну	л/тәул.		398,55	350,83
	Оның ішінде:				
6.1.5.1	шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне	-/-/-	180,00	264,00*	240,00*
6.1.6	Суды қайталама пайдалану	%	-	-	-
6.1.7	Желілердің ұзындығы	км	4 088,22	4 629,22	5 633,22
	Жаңа құрылыс		-	541	1004
6.2	Кәріз:				
6.2.1	Сарқынды сулардың жалпы түсімі, барлығы	мың м³/тәул.	480,00	990,04	1 169,06
	Оның ішінде:				
6.2.1.1	тұрмыстық кәріз	-/-/-	384,00	726,01	864,033
6.2.1.2	өндірістік кәріз	-/-/-	96,00	264,03	305,027
6.2.2	Тәулігіне орта есеппен 1 адамға шаққандағы су бұру		180,00	264,00*	240,00*
6.2.3	Кәріз тазарту құрылыстарының өнімділігі	-/-/-	640,00	991,00	1171,00
6.2.4	Желілердің ұзындығы	км	2 334,74	2789,74	3364,74
	Жаңа құрылыс		-	455	575
6.3	Электрмен жабдықтау:				
6.3.1	Электр энергиясын жиынтық тұтыну	кВт*сағ/жыл	5 307 761 000	7 043 000 000	9 339 000 000
	оның ішінде:				
6.3.1.1	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге	-/-/-	2 697 000 000	3 842 000 000	5 774 000 000
6.3.1.2	өндірістік қажеттіліктерге	-/-/-	582 000 000	969 000 000	1 550 000 000
6.3.2	Бір адамға жылына орташа электр энергиясын тұтыну	кВт*сағ	2316	2561	2594
6.3.2.1	Оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге	-/-/-	1177	1397	1604
6.3.3	Жүктемелерді жабу көздері,	млн. кВт	1,246	1,658	2,199
6.3.3.1	оның ішінде: ЖЭО, МАЭС	-/-/-	0,470	0,868	0,868
6.3.3.2	суэлектрстансасы	-/-/-	0,015	0,015	0,015
6.3.3.3	біріккен энергия желісі	-/-/-	0,761	0,776	1,317
6.3.3.4	жаңартылатын энергия көздері	-/-/-			
6.3.4	Желілердің ұзындығы	км	1319	1260	1217
6.4	Жылумен жабдықтау				
6.4.1	Орталықтандырылған көздердің қуаты, барлығы	МВт	6861	8268	9452
6.4.1.1	оның ішінде: ЖЭО	-/-/-	4319	4570	4570
6.4.1.2	аудандық қазандықтар	-/-/-	1887	3294	4477
6.4.1.3	орамдық қазандықтар	-/-/-	379	961	1143
6.4.1.4	жергілікті көздердің жиынтық қуаты	-/-/-	814	1337	2 326
6.4.2	Жылытуға тұтыну, барлығы	-/-/-	6730	7668	9361
6.4.2.1	оның ішінде: коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге	-/-/-	2093	2612	3370
6.4.2.2	өндірістік қажеттіліктерге	-/-/-	-	-	-
6.4.3	Ыстық сумен жабдықтауға тұтыну, барлығы	-/-/-	1119	1593	2348
6.4.3.1	оның ішінде: коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге	-/-/-	573	872	1340
6.4.3.2	өндірістік қажеттіліктерге	-/-/-	-	-	-
6.4.3	Жылумен жабдықтаудың жергілікті көздерінің өнімділігі	-/-/-	-	-	-
6.4.4	Желілердің ұзындығы	км	1399,9	1548,9	1740,9
6.5	Газбен жабдықтау				
6.5.1	Табиғи газды тұтыну, барлығы	млн. м³/жыл	1726,5	3503,3	3966,4
6.5.1.1	оның ішінде: коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге	-/-/-	741,0	824,5	974,3
6.5.1.2	өндірістік қажеттіліктерге	-/-/-	985,5	2678,8	2992,1
6.5.2	Сұйытылған газды тұтыну, барлығы	тонна/жыл	0,038	0,038	0,038
6.5.2.1	оның ішінде: коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге	-/-/-	37,583	37,583	37,583
6.5.2.2	өндірістік қажеттіліктерге	-/-/-	-	-	-
6.5.3	Табиғи газды беру көздері	млн. м³/жыл	1726,5	3503,3	3966,4
6.5.4	Қаланың, басқа да елдімекеннің отын теңгеріміндегі газдың үлес салмағы	%	15	35	40
6.5.5	Желілердің ұзындығы	км	5445,2	5500	5523
6.5.5.1	Жоғары қысымды	км	65,7	85	90
6.5.5.2	Орташа қысымды	км	873,2	905	913

7.5	Жыраларды рекультивациялау:				
7.5.1	- жоспарлау жұмыстары	қм	-	35740	35740
7.5.2	- жасыл екпелерді отырғызу	га	-	86	86
7.6	Аумақты су басудан қорғау:				
7.6.1	- тік дренаж	дана	-	11,0	29,0
7.6.2	- өзен арналарын бекіту	қм	Жоспарлы жұмыстар жүргізілуде		
8	Халыққа ғұрыптық қызмет көрсету				
8.1	Зираттардың жалпы саны	га	680	790	1 030
8.2	Крематорийлердің жалпы саны	бірлік	-	1	1
9	Қоршаған ортаны қорғау				
9.1	Атмосфералық ауаға зиянды заттар шығарындыларының көлемі	мың т/жыл	177,8	140,0	130,0
9.1.1.	Стационарлық көздер	мың т/жыл	-	-	-
9.2	Ластанған сулар төгіндісінің жалпы көлемі	млн. м³/жыл	-	-	-
9.3	Бүлінген аумақтарды рекультивациялау	га	-	-	-
9.4	Шу деңгейі 65 дБ-ден асатын аумақтар	-/-	-	-	-
9.5	Экологиялық тұрғыдан қолайсыз аумақтар (химиялық және биологиялық заттармен, зиянды микроорганизмдермен шекті рұқсат етілген концентрациялардан асатын мөлшерде, радиоактивті заттармен шекті рұқсат етілген деңгейлерден асатын мөлшерде ластанған аумақтар)	-/-	-	-	-
9.6	Санитариялық-қорғау аймақтарында тұратын халық	-/-	-	-	-
9.7	Санитариялық-қорғау және су қорғау аймақтарын көгалдандыру	-/-	-	-	-
9.8	Топырақ пен жер қойнауын қорғау	-/-	-	-	-
9.9	Аумақтарды санитариялық тазарту	-/-	8 287,5	9 148,1	9 148,1
9.9.1	Тұрмыстық қалдықтардың көлемі	мың т/жыл	959,5	1603,3	2098,8
	оның ішінде қалдықтарды сараланған жинау	%	-	-	-
9.9.2	Қоқыс өңдеу зауыттары	бірлік/мың т жыл		1 / 150,0	1 / 150,0
9.9.3	Қоқыс жағу зауыттары	-»-		1 / 730,0	1 / 730,0
9.9.4	Қоқыс қайта тиеу станциялары	-»-	-	-	-
9.9.5	Жетілдірілген полигондар (қоқыс орындары)	бірлік/га	3/105,7	-	-
9.9.6	Қоқыс орындарының жалпы алаңы	га	-	-	-
9.9.7	оның ішінде стихиялық	-/-	-	-	-
9.10	Табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану жөніндегі өзге де іс-шаралар	тиісті бірліктер	-	-	-
10.	Жобалық шешімдерді іске асырудың I кезеңі бойынша инвестициялардың болжамды көлемі	млрд теңге		11 283,78	
	оның ішінде:				
10.1	Қаланы әлеуметтік-экономикалық дамыту	-»-		2 110,1	
10.2	Тұрғын үй қорын жаңадан салу	-»-		4 994,7	
10.3	Газбен жабдықтау	-»-		48,2	
10.4	Электрмен жабдықтау	-»-		295,00	
10.5	Жылумен жабдықтау	-»-		1 194,16	
10.6	Байланыс	-»-		82,44	
10.7	Сумен жабдықтау	-»-		562,424	
10.8	Кәріз	-»-		737,012	
10.9	Көлікпен қамтамасыз ету	-»-		1 253,34	
10.10	Аумақты инженерлік дайындау			6,403	
* Ұсынымдық сипаттағы көрсеткіштер Ескертпелер 1. Қаланың, кенттің және ауылдық елдімекеннің бас жоспарының техникалық-экономикалық көрсеткіштері мынадай кезеңдерге келтіріледі: - жаңа бас жоспардың бастапқы жылы; - бірінші кезең; - есептік кезең. 2. Коммуналдық-тұрмыстық және өндірістік қажеттіліктерге арналған электр энергиясына, жылу энергиясына, суға, газға қажеттілік және сарқынды сулар төгіндісінің көлемі бойынша көрсеткіштер тиісті облыстық және аудандық қызметтердің деректері бойынша қабылданады. 3. Қоршаған ортаға әсерді бағалау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның талаптарына сәйкес жүргізіледі.					

Алматы қаласының бас жоспарына қосымша
(негізгі ережелерді қоса алғанда)

Бас жоспар (негізгі сызба)



Бас директордың
міндетін уақытша атқарушы
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

**ГАЗЕТТИ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**
**«Қазпошта» АҚ Алматы
почтамтына:**

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Өмірдің таралымы -
10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

газет «Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті»
ресубликалық мемлекеттік
мекемесінде тіркелген.
Іркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
сүзлігі 26.05.2026 жылы берілген.

азет «Алматы ақшамы»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
суреттердің сапасына редакция жауапты.
Карнама мәтініне жарнама беруші қауап береді.
автордың мақалалары редакция өзқарасын білдірмейді.
азет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
ел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» әуе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.**

АРБАТТАҒЫ АЛУАН ДӘМ

Алматының Арбатында әлемнің асан алуан асханасы мен қазақтың ұлттық тағамдары бір кеңістікте тоғысты. Қала тұрғындары мен қонақтары ALMATY GASTRO WEEK гастрономиялық фестивалінде түрлі дәмнен ауыз тиіп қана қоймай, аспаздардың шеберлігін тамашалап, гастрономияның заманауи бағыттарымен танысты.

Таңнан қызған фестиваль алаңында қаладағы мейрамханалар мен гастрономиялық жобалар өздерінің үздік тағамдарын ұсынды. Келушілер дайын астан дәм татып қана қоймай, оның әзірлену барысын бақылап, аспаздармен тілдесуге мүмкіндік алды. Әсіресе, ұлттық тағамдар ұсынылған орындарға қызығушылық жоғары болды.

Фестивальге қатысқан Orta мейрамханасының маркетинг-менеджері Нұрбол Тілекулының айтуынша, мұндай іс-шаралар қазақ асханасын кеңінен танытып, оның ерекшелігін шетелдік қонақтарға көрсетуге мүмкіндік береді.

– Мұндай фестивальдерден қалмауға тырысамыз. Басты мақсатымыз – қазақ тағамдарын көпшілікке кеңінен таныту. Әсіресе, шетелдік туристерге дәстүрлі асымыздың ерекшелігін көрсету маңызды. Біз үшін сапалы қызмет пен дәмді тағам ұсыну маңызды. Қазақ тағамының өзіндік дәмін өзгертпей, дәстүрлі қалпында жеткізуге мән береміз, – дейді ол.

Ұлттық тағаммен бірге оны ұсыну мәдениеті де фестивальдің мазмұнын байыта түсті. Қазақтың ұлттық киімін киген Аяулым Қалыбай мейрамхана әзірлеген арнайы локацияны таныстырды. Мұнда ұлттық қолөнер бұйымдары мен дәстүрлі нақыштағы безендіру элементтері үйлесім тапқан.

Фестивальдің арнайы қонақтары қатарында Michelin жұлдызды аспазы Брандо Мориса мен Лондоннан келген халықаралық журналист, гастрономиялық шолушы Виктория Берроуз болды. Шетелдік сарапшылар фестиваль қонақтарымен кездесіп, аспаздық мәдениет, заманауи гастрономиялық үрдістер және тағамның туристік тартымдылықты арттырудағы рөлі жөніндегі тәжірибелерін бөлісті.



Виктория Берроуз Қазақстанға алғаш рет келген. Оның айтуынша, елдің гастрономиялық мәдениетін қызықты ететін басты ерекшеліктің бірі – әртүрлі тарихи кезең мен халықтардың ықпалының бір арнада тоғысуы.



– Қазақстанның аспаздық мәдениеті маған қатты ұнады. Бұл – мен бұрын-соңды көрген ең қызықты әрі ерекше мәдениеттердің бірі. Дәстүрлі көшпелі асханадан бастап, әртүрлі халық пен тарихи кезеңдердің ықпалына дейін бәрі ерекше әсер қалдырады, – дейді гастрономиялық шолушы.

Ал Michelin жұлдызды аспазы Брандо Мориса фестивальдің ерекшелігі ретінде түрлі мәдениеттің бір дастарханда тоғысуын атап өтті.

– Алматының гастрономиялық мәдениетінде дәстүр мен заманауи бағыттың қатар дамып келе жатқанын байқадым.

Әсіресе, жергілікті өнімдер мен ұлттық тағамдарға деген қызығушылық жоғары. Қазақ асханасының өзіндік тарихы мен терең мәдениеті бар, – деді аспаз.

Гастрономиялық іс-шара тек тағаммен шектелмей, мәдени-музыкалық бағдарламаға да ұласты. Кеш барысында қазақ эстрадасының танымал «Дос-Мұқасан» ансамблі өнер көрсетті. Өнер ұжымының әндері Арбаттағы мерекелік көңіл күйді күшейтіп, фестивальдің қорытынды кешіне ерекше атмосфера сыйлады.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жер-әлемнен желаяқтар жиналды



Кешегі жексенбіде халықаралық 15-ші Almaty Marathon қойдағыдай өтті. Биылғы жарысқа 66 елден 16 000 адам қатысты. Жарыс қатысушылары сөрелі сағат таңғы 07.30-да Абай алаңынан бастап, мәре сызығын Республика алаңында қиды.

Бағдарламада 42,2 шақырымдық марафон, 21,1 шақырымдық жартылай марафон, 10 шақырымдық жүгіру және 10 шақырымдық скандинавиялық жүріс кірді. Сондай-ақ, командалар арасында «Экиден» эстафетасы ұйымдастырылды.

Марафонның 15 жылдығына орай биыл, 2018 жылдан бері алғаш рет, барлық қашықтықтың маршруттары жаңартылды. 42,2 шақырымдық негізгі марафонның бағыты алғаш рет бір айналым бойынша ұйымдастырылып, оның екінші бөлігі Алматының орталық көшелері мен тарихи бөлігін қамтыды.

Еске сала кетсек, Almaty Marathon 2012 жылдан бері өткізіліп келеді. Алғашқы қайырымдылық жүгіруге 2500 адам қатысқан. 15 жыл ішінде марафон қатысушыларының саны алты есеге артқан.

«Марафон Алматының халықаралық жүгіру картасындағы орнын да нығайтуға үлес қосып жатыр. Ендігі кезең – спорттық

туризмді дамыту, Қазақстанның әлемдік жүгіру қауымдастығындағы орнын кеңейту және қала мен оның тұрғындарына ұзақ мерзімде пайда әкелетін мұра қалыптастыру», – дейді «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының қамқоршылық кеңесі төрағасы Ғалымжан Есенов.

Биылғы марафон шетелдік қатысушылар саны бойынша рекорд орнатты. Яғни мегаполиске басқа мемлекеттерден 1534 жүгіруші келген. Мәселен, Ресейден 550 желаяқ қатысқан. Одан кейінгі орындарға Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай, АҚШ және Оңтүстік Кореядан келген спортшылар тіркелді. Жарысқа сондай-ақ Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Испания, Швейцария, Жапония, Үндістан, Малайзия, Филиппиннен келген қатысушылар шықты. Халықаралық қонақтардың бірі – 2018 жылғы Бостон марафонының жеңімпазы Юки Каваучи болды. Бұл оның Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы жарысы.

Almaty Marathon-ның биылғы мерейтойлық жарысында Funduk инклюзивті командасы да бой көрсетіп, 10 шақырымдық қашықтыққа жүгірді. Команда құрамында мүгедектігі бар, кресло-арба пайдаланатын адамдар және оларға қашықтықты еңсеруге көмектесетін, кресло-арбаның қозғалысын басқаруды, жарыс кезіндегі команданың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүгіруші-сүйемелдеуші пилоттар болды.

Мүмкіндігі шектеулі алматылық жігіт – Рақымжанның бұл төртінші марафоны екен. Оны қолдауға ата-анасы бірге келіпті.

«Биыл біздің «Арди» мүмкіндігі шектеулі балалар орталығының 35 жылдығы. Марафонға орталықтан 5 бала қатысты. Бізге қолдау көрсеткен Funduk инклюзивті командасы. Бүгінгі марафон нәтижесінде алғашқы үштікке кірдік. Бұл жеңісімізді Алматының «Арди» орталығының мерей-

тойына арнаймыз. Рақымжанымыз осынау марафонды ылғи асыға, барлық ықыласымен күтеді. Ал біз, әкесі екеуміз оған қолдау көрсетуден шаршамаймыз», – дейді марафоншының анасы Гүлмира Абдуллаева.

Funduk командасының бұл жарысы Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен Funduk Life қорының инклюзивті бас-тамаларды дамыту және мүгедектігі бар адамдарды қоғамға әлеуметтендіру бағытындағы ынтымақтастығы аясында ұйымдастырылды.

Жарыс кезіндегі тағы бір рекорд негізгі қашықтықта тіркелді, яғни 42,2 шақырымдық марафонға 1614 адам қатысуға өтінім берген. Жарыс жолында жеті медициналық шатыр жұмыс істеді. Ал мәреде тағы екі кеңейтілген медициналық пункт ұйымдастырылды. Медициналық қызметті 12 жедел жәрдем бригадасы, 16 велоомедик, түрлі саладағы 40 дәрігер және 84 медициналық еріктілер қамтамасыз етті.

Almaty Marathon-ның 15 жылдық мерейтойында жарыстың түйіні ретінде Алматыға «ТМД-ның 2026 жылғы спорт астанасы» сертификаты табысталды. Салтанатты рәсімге Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев, ТМД Бас хатшысының орынбасары Нұрлан Сейтимов, Алматы қаласы Спорт басқармасының басшысы Дархан Нұрханұлы, сондай-ақ ТМД-ға мүше тоғыз мемлекет – Қазақстан, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан өкілдері қатысты.

Алматыда бұқаралық спортты дамытуға, спорт инфрақұрылымын жетілдіруге және тұрғындардың тұрақты түрде дене шынықтырумен айналысуына жағдай жасауға ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл биіктен алдағы уақытта да түспек емес.

Марафон Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен биыл да сәтті өтті.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.